

Қостанай облысы Қостанай ауданы Мичурин ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар, шағын аудандар, көшелер, көппәтерлі тұрғын үйлер тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 117 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 32894 болып тіркелді) сәйкес Қостанай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облысы Қостанай ауданы Мичурин ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қостанай облысы Қостанай ауданы Мичурин ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар, шағын аудандар, көшелер, көппәтерлі тұрғын үйлер тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Мәслихаттың 2022 жылғы 31 тамыздағы № 199 "Қостанай облысы Қостанай ауданы Мичурин ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар, шағын аудандар, көшелер, көппәтерлі тұрғын үйлер тұрғындары өкілдерінің санын айқындаудың тәртібін бекіту туралы" шешімі жойылсын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай аудандық мәслихатының төрағасы

М. Сартов

Мәслихаттың

2023 жылғы 22 желтоқсандағы

№ 117 шешіміне

1-қосымша

Қостанай облысы Қостанай ауданы Мичурин ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Қостанай ауданы Мичурин ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына, "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 бұйрығына сәйкес әзірленді және Мичурин ауылдық округінің ауылдар, шағын аудандар, көшелер, көппәтерлі тұрғын үйлер тұрғындарының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бөлек жергілікті қоғамдастық жиыны - ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы;

2) жергілікті қоғамдастық - шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік - аумақтық бірліктің аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы.

2. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін Мичурин ауылдық округі аумағы ауылдарға, шағын аудандарға, көшелерге, көппәтерлі тұрғын үйлерге бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын ауылдар, шағын аудандар, көшелер, көппәтерлі тұрғын үйлер тұрғындары сайланады.

5. Мичурин ауылдық округінің әкімі ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй шегінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын шақырады және өткізуді ұйымдастырады.

Шағын аудан немесе көше шегінде көппәтерлі үйлер болған кезде көппәтерлі үйдің бөлек жиындары жүргізілмейді.

6. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы жергілікті қоғамдастықтың халқын Мичурин ауылдық округінің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар етеді.

7. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ашудың алдында тиісті ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй қатысып отырған тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Кәмелетке толмағандардың, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдардың жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысуына жол берілмейді.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, шағын ауданда, көшеде, көппәтерлі тұрғын үйде тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Мичурин ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Мичурин ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға жергілікті қоғамдастық бөлек жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

9. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Қостанай аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының қатысушылары ұсынады.

10. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп дауысын жинаған кандидаттар сайланды деп есептеледі.

Егер жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында дауыс беру кезінде қатысушылардың дауыстары тең бөлінген жағдайда, бөлек жиынның төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

11. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасына төраға мен хатшы қол қояды және бөлек жиын өткізілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жиын хатшысы тіркеу үшін Мичурин ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.

Жергілікті қоғамдастық жиынында немесе жергілікті қоғамдастық жиналысында хаттама жүргізіледі, онда:

1) жергілікті қоғамдастық жиынының немесе жергілікті қоғамдастық жиналысының өткізілген күні мен орны;

2) тиісті аумақта тұратын және жергілікті қоғамдастық жиынына немесе жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысуға құқығы бар жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жалпы саны;

3) қатысушылардың саны және олардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетілген тізім;

4) жергілікті қоғамдастық жиынының немесе жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы мен хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);

5) күн тәртібі, сөйленген сөздердің мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Қостанай облысы Қостанай ауданы Мичурин ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар, шағын аудандар, көшелер, көппәтерлі тұрғын үйлер тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

№ р/р	Мичурин ауылдық округінің ауылдың, шағын ауданның, көшенің атауы, көппәтерлі тұрғын үйдің нөмірі	Мичурин ауылдық округінің ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
1	Мичурин ауылының тұрғындары үшін көшелер, шағын аудандар, көп қабатты тұрғын үйлер бөлінісінде	
	Арман көшесі	1
	Аубакиров көшесі	1
	Комсомольская көшесі	1
	Ленин көшесі	1
	Лесная көшесі	1
	Мир көшесі	1
	Мичурин көшесі	1
	Южный шағын ауданы	2
	Восточный шағын ауданы	2
	Новая көшесі	1
	Озерная көшесі	1
	Олимпийская көшесі	1
	Садовая көшесі	1
	Строительная көшесі	1
	Тепличная көшесі	1
	Чернов көшесі	1
	Школьная көшесі	1
Кроликоферма көшесі	1	
2	Алтынсарино ауылының тұрғындары үшін, көшелер бөлінісінде	
	Новая көшесі	1
	Новостройка көшесі	1
	Озерная көшесі	1
	Садовая көшесі	1
	Строительная көшесі	1
	Школьная көшесі	1
Кирпичная көшесі	1	
3	Садовое ауылының тұрғындары үшін, көшелер бөлінісінде	
	70 лет Октября көшесі	1
	Ленин көшесі	1
	Магистральная көшесі	1
	Строительная көшесі	1

Новая көшесі	1
Озерная көшесі	1
Садовая көшесі	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ